

Үміткердің сәйкестендіру
нөмірі:

АҚКК біліктілік КОМИССИЯСЫ

ҚАРАША 2023ж.

ҚЕХС бойынша қаржылық есепке алу және есептілік

Бөлінген уақыт: 3 сағат

Бұл емтиханда төрт тапсырма қамтылған, оның әрқайсысы бірнеше бөлімнен тұрады.

- Төрт тапсырманың барлығын орындаңыз.
- Тапсырмаларға жауаптарға арналған жұмыс дәптерінде жауап беріңіз.
- Жақшаның ішінде әр тапсырманың атауынан кейін оның ең жоғары балы келтірілген.
- Уақытты жұмсау бойынша ұсыныс:

1-тапсырма, 30 балл	50 – 55 минут
2-тапсырма, 20 балл	25 – 30 минут
3-тапсырма, 10 балл	15 – 23 минут
<u>4-тапсырма, 40 балл</u>	<u>60 – 72 минут</u>
Уақыттың жиыны:	150 – 180 минут
- Барлық ақшалай шамалар есептік бірлікпен (е.б.), осы емтиханда қолданылатын халықаралық ақшалай өрнекпен көрсетілген.
 - Қаржылық емес калькуляторларды қолдануға рұқсат етіледі.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Емтихандық буклетті емтихандық бөлмеден шығаруға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ. Сіз осы емтихандық буклетті тапсыруыңыз қажет.

ЕМТИХАНДЫ БАСТАУҒА РҰҚСАТ АЛМАЙЫНША БҰЛ ПАРАҚТЫ АШПАҢЫЗ.

Барлық құқықтар қорғалған. Бұл басылымның ешбір бөлімін заңнамамен тікелей көзделген жағдайларды санамағанда, АҚКК компаниясының алдын-ала рұқсатын алмайынша жаңғыртуға, деректерді сақтауға және өңдеуге арналған қандай да бір жүйеде сақтауға немесе электронды немесе механикалық құралдарды, соның ішінде ксерокөшірмелеуді, ақпаратты сақтауға немесе іздеуге арналған қандай да бір құрылғыларға жазуды қолданумен қандай да бір нысанда беруге болмайды. АҚКК компаниясының рұқсатын алуға арналған сұратуларлы мына мекенжай бойынша жолдап отыру керек: kvalkom@psad.kz

1-тапсырма (30 балл)

2022 жылғы 1 қаңтарда М компаниясы Д компаниясының қарапайм акцияларының 90%-ын акцияларды бір де бір деген есеппен айырбастау жолымен сатып алды плюс 100 000 мың е.б. қолма-қол ақшамен төленді. М компаниясының әр акциясының нарықтық құны 2 е.б., ал Д компаниясының әр акциясының нарықтық құны 1,5 е.б. құрады. Мәміле шарттары сондай-ақ 2024 жылғы 31 желтоқсанда 200 000 мың е.б. мөлшерінде қосымша төлемді көздейді. М компаниясы капиталының құны 10%. М компаниясының есебінде тек ақшалай төлем көрсетілген. Д компаниясының бөлінбеген пайдасы сатып алу сәтінде 70 000 мың е.б. құрады. М компаниясы бақыламайтын үлесті әділ құн бойынша ескеру туралы шешім қабылдады. Сатып алу сәтінде бақыламайтын акционерлер үлесінің әділ құны 85 183 мың е.б. құрады.

Д компаниясының сатып алу сәтіндегі таза активтері оның баланстық құны бойынша қаржылық есептілігінде көрсетілген. Д компаниясының таза активтерінің әділ құны төмендегілерді санамағанда олардың баланстық құнына сәйкес келді:

- сатып алу сәтінде жер мен қорлардың әділ құны есептік құннан соған сәйкес 50 000 мың е.б. және 40 000 мың е.б. асып түсті. Сатып алу күніндегі баланстағы қорлардың 20%-ы 2022 жылдың 31 желтоқсанына дейін сатылды.
- баланстық құны 50 000 мың е.б. жабдықтың әділ құны 54 000 мың е.б. құрады. Жабдықты болжамды пайдалану мерзімі 2022 жылдың 1 қаңтарына қатысты 4 жылды құрады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікте әділ құнға дейінгі түзетулер кейінге қалдырылған салықтарды есептеу үшін уақыт айырмалары ретінде көрсетіледі.

Д компаниясы 2022 жыл бойы акцияларды шығармады және сатып алмады.

М және Д компанияларының 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойығынша қаржылық есептілігі төменде келтірілген:

М және Д компанияларының 31.12.2022ж. қатысты қаржылық жағдайы туралы есеп берулері		
	М компаниясы	Д компаниясы
	мың е.б.	мың е.б.
Айналымнан тыс активтер		
Жер	240 290	294 000
Жабдықтар	531 670	461 285
Материалдық емес активтер	198 350	41 600
Д компаниясына инвестициялар	100 000	
Д компаниясының займы	90 000	
Айналымнан тыс активтердің жиыны	1 160 310	796 885
Айналымдағы активтер		
Қорлар	388 710	142 030
Алуға қатысты шоттар	152 500	114 540
Ақшалай қаражаттар және олардың баламалары	180 250	28 095
Айналымдағы активтердің жиыны	621 460	284 665
Активтердің жиыны	1 881 770	1 081 550
Меншікті капитал		
Акционерлік капитал (номиналы 1 е.б. акциялар)	672 000	300 000
Эмиссиялық табыс	37 350	20 245
Үлестірілмеген пайда	227 650	177 000
Меншіктік капиталдың жиыны	937 000	497 245
Ұзақмерзімді міндеттемелер		
Банктің кредиті	341 250	181 320
М компаниясының займы		90 000

--

2-тапсырма (20 балл)

Төменде 2022 жылғы қаржылық жағдай мен қаржылық нәтижелер туралы ақпарат және А компаниясының 2021 жылғы салыстырмалы ақпараты берілген.

31.12.2022 ж. қатысты бойынша қаржылық жағдай туралы есеп (баланс), е.б.

Актив	31.12.2022ж. қатысты	31.12.2021ж. қатысты
Ақшалай қаражаттар	17 000	11 500
Алынатын шоттар	17 500	13 000
Қорлар	16 500	19 000
Ұзақмерзімді инвестициялар	13 000	14 000
Негізгі құралдар	19 500	17 000
Жинақталған амортизация	(12 000)	(11 500)
Активтердің жиыны	71 500	63 000
Міндеттемелер және меншікті капитал		
Төлем шоттары	12 000	9 000
Есептелген міндеттемелер	4 000	3 000
Төлеуге арналған облигациялар	12 000	15 000
Қарапайым акциялар	19 000	17 000
Жинақталған бөлінбеген пайда	24 500	19 000
Міндеттемелер мен меншікті капиталдың жиыны	71 500	63 000

202ж. 31 желтоқсанда аяқталатын пайда мен залалдар туралы есеп беру

Бап	Сума, е.б.
Сатудан түскен түсім	69 000
Сатылған тауарлардың өзіндік құны	(47 000)
Жалпы пайда	22 000
Операциялық шығындар	(11 500)
Салық салудан түскен пайда	10 500
Табыс салығы	(2 500)
Таза пайда	8 000

Қосымша ақпарат:

- 1) амортизациялық шығындар операциялық шығындардың құрамына енгізілген;
- 2) жыл соңында (25 желтоқсан) құны 2 500 е.б. жабдық сатылып алынды және ақысы төленді;
- 3) жыл ішінде дивидендтер жарияланып, төленді (сомасын анықтау).

Ағымдағы емес активтердегі, ағымдағы емес міндеттемелердегі және меншікті капиталдағы барлық өзгерістер ақша қаражатын төлеуді қажет ететін немесе ақшалай қаражаттың түсуіне әкелетін операциялармен туындалған.

Есептелген міндеттемелердің сальдосы операциялық шығыстарды есептеу нәтижесінде пайда болды.

Қажет етіледі:

2.1. Төмендегі әдістерді қолданумен А компаниясының операциялық қызметінен ақшалай қаражаттың таза түсімін (жылыстауын) есептеңіз және ақшалай қаражаттардың қозғалысы туралы есептің тиісті бөлімін жасаңыз:

2.1.1. Тікелей әдіс

2.3. 2022 жылғы қаржы қызметінен ақшалай қаражаттың таза түсімін (жылыстауын) есептеңіз және ақшалай қаражаттардың қозғалысы туралы есептің тиісті бөлімін жасаңыз

2.4. Есепті кезеңдегі ақша қаражатының таза өсуін есептеңіз

2.5. Ақшалай қаражаттардың қозғалысы туралы есепте А компаниясының 31.12.2022ж. жағдай бойынша ақшалай қаражаттардың қалдығын анықтаңыз.

3-тапсырма (10 балл)

Есептік жылы компания 640 000 е.б. соманың 20 тоңазытқышын сатты. Сату құнына өндірушінің стандартты кепілдігі аяқталғаннан кейін екі жыл ішінде жабдық сынған жағдайда қажет болатын жөндеудің барлық түрлеріне қосымша кепілдік кіреді. Өндірушінің стандарттық кепілдігі бір жылды құрайды.

Қосымша кепілдікті қоспағанда тоңазытқыштың әдеттегі сатылу бағасы 33 950 е.б. құрайды. Тұрмыстық техника 25% сауда үстемесімен сатылады. Екі жылдық кеңейтілген кепілдіктің дербес бағасы 1 050 е.б. деп бағаланады.

Қажет етіледі:

3.1. Есептік кезеңдегі тоңазытқыштарды сатудан түскен таза табысты есептеңіз.

3.2. Есептік жылы сатылған тоңазытқыштарға түсетін қосымша екі жылдық кепілдік сомасын есептеңіз.

3.3. Есепті жылы сатылған тоңазытқыштардың өзіндік құнын есептеңіз.

3.4. Есептік жылы тоңазытқыштарды сату бойынша мәміленің қаржылық нәтижесін есептеңіз.

4-тапсырма (40 балл)

Төмендегі сұрақтардың әрқайсысы бойынша **ең жақсы** жауапты таңдаңыз. Жауаптар парағында барлық 20 сұраққа өз жауабыңызды белгілеңіз. **Әр сұраққа бір ғана жауап беріңіз. Барлық сұрақтарға жауап беріңіз.** Сіздің бағаңыз дұрыс жауаптардың жалпы санына негізделеді.

4.1. Төмендегі сипаттамалардың қайсысы қаржылық есептіліктің негізгі (іргелі) сапалық сипаттамаларына жатады?

- а) Салыстырмалылық және түсініктілік.
- б) Орындылық және шынайы түсінік.
- в) Дер кезділік және шынайы түсінік.
- г) Түсініктілік және тексерімділік.

4.2. Төменде көрсетілген ақпараттың қайсысы ҚЕХС-ға сәйкес қаржылық есептіліктің толық жиынтығына кірмейді?

- а) Алдыңғы кезең бойынша салыстырмалы ақпарат.
- б) Есептік саясаттың маңызды ережелерінен және өзге де түсіндірме ақпараттан тұратын ескертпелер.
- в) Тауарлар топтары қимасында кезең бойынша сатулар туралы есеп беру.
- г) Кезең бойынша ақшалай қаражаттардың қозғалысы туралы есеп беру.

4.3. Компания қор биржасында сатылатын акциялар жинағын сатып алды. Бұл инвестиция компанияға бақылау немесе акциялар эмитентіне айтарлықтай ықпал ету құқығын бермейді. Компания акцияларды сату үшін емес, дивидендтер алу мақсатында ұстап отыруға ниетті. Егер бұл ҚЕХС-мен рұқсат етілсе, Компания бухгалтерлік есеп саясатын таңдау мүмкіндігін пайдаланады. Компания сатып алынған активті қандай құн бойынша бағалайды?

- а) Өзіндік құны бойынша.
- б) Амортизацияланған құны бойынша.
- в) Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша.
- г) Пайда мен залал арқылы әділ құн бойынша.

4.4. Ұйымның қысқа мерзімді міндеттемелеріне баланстық құны 200 мың е.б. есептелген шығыстар (кредит бойынша есептелген пайыздар) кіреді. Салық салу мақсаттары үшін тиісті шығыстар пайыздық шығыстарды төлеу шамасына қарай шегерілетін болады. 12 ҚЕХС (IAS) сәйкес ұйымның есептелген шығыстарының салықтық базасы қандай?

- а) 200 мың е.б.
- б) 0 е.б.
- в) 40 мың е.б.
- г) дұрыс жауап жоқ.

4.5. Есептік жылдың басында компания көрші мемлекеттің аумағында орналасқан жер учаскесін сатып алды. Сатып алу құны 300 ш.а.б. (шетелдік ақша бірлігіне) тең. Компанияның функционалды валютасы ұ.а.б. (ұлттық ақша бірлігі). Сатып алу күніне қатысты бағам 40 ұ.а.б./ш.а.б. құрады. Жер учаскесі оның құнының өсуінен пайда алу мақсатында сатып алынды. Активті есепке алу әділ құн бойынша жүргізіледі. Есептік жылдың соңында учаскенің әділ құны 310 ш.а.б.дейін өсті. Айырбас бағамы, керісінше, төмендеп, 38 ұ.а.б./ш.а.б. құрады. Компанияның есептілігінде жер учаскесіне қатысты есептік жылы алынған кірістер мен шығыстар қалай танылады?

- а) Актив құнының 380 ұ.а.б. өсімі басқа жиынтық табыста қайта бағалау резервіне жатқызылған.
- б) Актив құнының 380 ұ.а.б. өсімі пайда мен залалдарға жатқызылды.
- в) Актив құнының 400 ұ.а.б. өсімі капиталға қайта бағалау резервіне жатқызылды, айырбас бағамының төмендеуінен болған 620 ұ.а.б. залал – пайда мен залалдарға жатқызылды.

г) Актив құнының 220 ұ.а.б. төмендеуінен болған залал пайда мен залалдарға жатқызылды.

4.6. Үздіксіздік принципін сақтай отырып әзірленген есеп беру фирманың одан әрі де белсенді жұмыс істейтіндігін меңзейді:

- а) жарты жыл.
- б) үш жыл.
- в) бес жыл.
- г) жақын болашақта.

4.7. Компания ұзақмерзімді қарыз шартының талаптарын бұзды. Нәтижесінде қарыз ұсынылғаннан кейін дереу өтеуге жататын санатқа ауысады. Компанияның есептік күні 30 маусым болып табылады. Қарыз беруші 30 маусымға дейін қарызды өтеуді талап етпеуге келіседі, ол сізге бұзушылықты түзету үшін кем дегенде 12 ай береді. Компания бұл қарызды қандай деп тануы тиіс?

- а) Қысқамерзімді міндеттеме.
- б) Ұзақмерзімді міндеттеме.
- в) Ұзақмерзімді актив.
- г) Шартты міндеттеме.

4.8. 2022 жылдың ақпанында компания сауда-кеңсе ғимаратын сатып алып, оны бірден 5 жылға операциялық жалға берді. Жылжымайтын мүлікті сатып алу құны 240 000 е.б. құрады. Ғимаратты пайдалану мерзімі 20 жылға тең. Компания объектіні әділ құны бойынша қарастыру туралы шешім қабылдады. Амортизацияны есептеу үшін (қажет болған жағдайда) компания сызықтық әдісті қолданады. 2022 жылы жылжымайтын мүлік нарығында айтарлықтай өзгерістер байқалмады және ғимараттың нарықтық құны оны сатып алу құны деңгейінде болды. Есептік 2023 жылы жылжымайтын мүлік нарығындағы бағалар айтарлықтай өсті. Сарапшылардың бағалауы бойынша есептік жылдың соңында ғимараттың әділ құны 270 000 е.б. бағаланады. Есептік 2023 жылы компанияның есебінде ғимаратқа қатысты қандай операциялар көрсетіледі?

- а) Қайта бағалау резерві 50 000 е.б.-ке артып, кезеңнің шығыстарына қатысты 12 000 е.б. мөлшеріндегі амортизация шығынға жазылды.
- б) 12 000 е.б. мөлшеріндегі амортизация және әділ құнның өсімі 50 000 е.б. есептік жылдың пайдасы мен залалдарында танылды.
- в) Әділ құнның 30 000 е.б. мөлшерінде өзгеруі пайда мен залалдарға жатқызылды.
- г) Басқа жиынтық табыстың құрамында 30 000 е.б.-ке тең нарықтық құнның өсімі танылды.

4.9. Компания 01.01.2022ж. номиналды құны бойынша 10 млн е.б. соманың 6%-дық облигацияларын сатып алды, пайыздар әр жылдың 31.12 алуға жатады. Компания брокерлік компанияға мәміле үшін 0,3 млн е.б. мөлшерінде ақша төледі. Бұл облигациялар сыйақымен өтеледі деп болжануда, олар бойынша тиімді нарықтық мөлшерлеме 9%. Облигациялар компанияда амортизацияланған күн бойынша есепке алынады. Компанияның 31.12.2022 жылғы есептілігінде көрсетілген осы облигациялар бойынша инвестициялық кіріс сомасын анықтаңыз.

- а) 600 000 е.б.
- б) 618 000 е.б.
- в) 873 000 е.б.
- г) 927 000 е.б.

4.10. 8 «Есеп саясаты, бухгалтерлік есеп бағалауларындағы болатын өзгерістер мен қателер» ҚЕХС-ке сәйкес перспективалық қолдану қандай жағдайда қолданылуы тиіс?

- а) Бухгалтерлік бағалаулар өзгерген жағдайда.
- б) Есептік саясатты өз еркімен өзгерткен жағдайда.
- в) Спецификалық ауыспалы ережелерді белгілемейтін ҚЕХС-ті бастапқы қолдану кезінде есептік саясатты өзгерткен кезде.

г) Қателерді түзету кезінде.

4.11. Компания құны 2 млн. е.б. жабдықты сатып алуға 1 млн. е.б. субсидия алды. Жабдықтың пайдалы қызмет мерзімі – 10 жыл. Субсидия берудің шарты қызмет бейінін сақтау міндеттемесі болды. Компания алынған субсидияны болашақ кезеңдердің кірісі ретінде қарастырды. Үшінші жылдың басында басшылық өндірісті қайта құруға және субсидия сомасын толығымен қайтаруға мәжбүр. Бұл субсидияны қайтару компанияның есебінде қалай көрсетіледі?

- а) Дт «Ағымдағы кезеңнің шығыстары» 1 млн е.б.
Кт «Бюджетке берешек» 1 млн е.б.
- б) Дт «Келешек кезеңдегі кіріс» 1 млн е.б.
Кт «Бюджетке берешек» 1 млн е.б.
- в) Дт «Келешек кезеңдегі кіріс» 0,2 млн е.б.
Дт «Ағымдағы кезеңнің шығыстары» 0,8 млн е.б.
Кт «Бюджетке берешек» 1 млн е.б.
- г) Дт «Келешек кезеңдегі кіріс» 0,8 млн е.б.
Дт «Ағымдағы кезеңнің шығыстары» 0,2 млн е.б.
Кт «Бюджетке берешек» 1 млн е.б.

4.12. Активті құнсыздануға тексеру рәсімі оның өтелетін құнын бағалауға негізделеді. Төмендегі анықтамалардың қайсысы активтің өтелетін құнының мәнін дұрыс көрсетеді?

- а) Жинақталған амортизацияны және құнсызданудан жинақталған шығындарды шегергеннен кейінгі активтің есептік құны.
- б) Активті пайдаланудан және одан кейін шығарудан күтілетін болашақ ақша ағымдарының ағымдағы құны.
- в) Шығару шығындарын және оны пайдалану құнын шегергендегі активтің әділ құнынан ең жоғары құн.
- г) Активті ұқсас пайдалы қасиеттері бар активке дереу ауыстыру құны.

4.13. 3 ай бұрын белгілі бір қызмет түрлерін жүзеге асыратын зауыттарда түгін сүзгілерін орнатуды міндеттейтін заң күшіне енді. Сүзгілерді орнату құны 8 мың е.б. бағаланады. Егер компания сүзгілерді орнатпаса, айыппұл айына 500 е.б. құрайды. Компания есептік кезеңде сүзгілерді орнатпаған. 3 ай өтті. Компания қандай әрекеттерді жүзеге асыруы тиіс?

- а) 1 500 е.б. мөлшіндегі резервті тану
- б) 8 000 е.б. мөлшіндегі резервті тану
- в) 9 500 е.б. мөлшіндегі резервті тану
- г) Компания резервті мойындамайды, себебі қызмет түрін өзгерту арқылы сүзгілерді орнату шығындарын айналып өтуге болады.

4.14. Өткен оқиғалардан туындайтын және өзінің болуы туындауы белгісіз және компанияның толық бақылауында болмайтын бір немесе бірнеше болашақ оқиғалардың басталуымен немесе басталмауымен ғана расталатын ықтимал актив дегеніміз не?

- а) Дебиторлық берешек.
- б) Кейінге қалдырылған салықтық актив.
- в) Шартты актив.
- г) Егер экономикалық пайда ағымы мүмкін болса, КЕХС бойынша есептілікте танылған кез келген актив.

4.15. 2022 жылғы 1 қаңтарда "А" компаниясы операциялық жалға беру мақсатында төлемді бес жылға кейінге қалдыра отырып, ескі зауытты 1 276 324 е.б.-ке сатып алды. Осыған ұқсас шарттармен қаржыландыру бойынша пайыздық мөлшерлеме 5% құрайды. Бір жыл ішінде ғимарат толық жөндеуден өтті. Қайта жөндеу шығындары 700 000 е.б. құрады және 2022 жылдың 31 желтоқсанында қайта жөндеу аяқталды. Ғимарат 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап жалға берілді. Бұл ғима-

рат А компаниясының қаржылық есептілігінде 2023 жылдың 31 желтоқсанына қатыты қандай бағамен көрсетілуі тиіс?

- а) 1 000 000 е.б.
- б) 1 276 324 е.б.
- в) 1 700 000 е.б.
- г) 1 750 000 е.б.

4.16. Есептік күн мен қаржылық есептілікті шығарылымға бекіту күні арасындағы кезеңде болған оқиғалардың қайсысы түзетуші болып табылады?

- а) Жер сілкінісі салдарынан ғимараттың құлауы.
- б) Жиналған қардың салдарынан ғимараттың төбесінің құлауы.
- в) Валюта бағамының күрт төмендеуі.
- г) Бизнес бойынша серіктеске ірі қаржылық кепілдік беру.

4.17. 28 наурызда Компания 31 желтоқсанда аяқталатын өткен есептік жыл бойынша ҚЕХС бойынша қаржылық есептілікті жасауды аяқтады. 10 сәуірде есептілікті Директорлар кеңесі қарады, тура сол күні оны бақылау кеңесіне ұсыну туралы шешім қабылданды. 15 сәуірде қаржылық есептілікті бақылау кеңесі бекітті. 6 мамырда қаржылық есептілік барлық мүдделі тұлғаларды пайда туралы және кәсіпорын қызметінің басқа қаржылық көрсеткіштері туралы мәліметтермен таныстыру үшін компанияның сайтында орналастырылды. 18 маусымда өткен жылдық жиналыста акционерлер өткен есептік жыл үшін ҚЕХС бойынша қаржылық есептілікті бекітті. Есептік күннен кейінгі оқиғалар қай күнмен шектеледі?

- а) 10 сәуір.
- б) 15 сәуір.
- в) 6 мамыр.
- г) 18 маусым.

4.18. 2020 жылдың 01 қыркүйегінде А компаниясы өз директорына бір акция үшін 6 е.б. бағамен 1000 акция сатып алуға опцион берді. Егер директор компанияда опцион ұсынылған сәттен бері тағы 4 жыл жұмыс істесе, опционды пайдалануға болады. Опционның ұсынылған күнге қатысты әділ құны 60 000 е.б. А компаниясы бұл оқиғаны 2020 жылғы пайда немесе залал және басқа жиынтық кіріс туралы есепте қалай көрсетуі керек?

- а) 5 000 е.б. мөлшеріндегі шығындар
- б) 6 000 е.б. мөлшеріндегі шығындар
- в) 15 000 е.б. мөлшеріндегі шығындар
- г) 60 000 е.б. мөлшеріндегі шығындар

4.19. Егер есептік кезең аяқталғанға дейін 2 ай бұрын қарапайым акцияларға айырбастау құқығымен 800 облигация шығарылған болса, акцияға шаққандағы сұйылтылған пайданы есептеу кезінде бөлгіштің дұрыс түзетілуін көрсетіңіз. Айырбастау шарттары: 4 облигация 3 акцияға айырбасталады.

- а) Плюс $800 \cdot \frac{3}{4}$.
- б) Плюс $800 \cdot \frac{3}{4} \cdot \frac{2}{12}$.
- в) Плюс $800 \cdot \frac{2}{12}$.
- г) Плюс 800.

4.20. Компания құны 50 миллион е.б. және жалпы қызмет мерзімі 30 жыл болатын ұшақты сатып алды. Екі қозғалтқыш әр 5 жыл сайын мезімді түрде ауыстыруды қажет етеді. Әрбір қозғалтқышты ауыстыру құны ағымдағы бағамен 5 млн е.б. құрайды. Ұшақты есепке алу кезіндегі дұрыс тәсілді көрсетіңіз.

- а) Ұшақтың бастапқы құны 50 млн е.б., ұшақтың бір жылдағы амортизациясы = $(50 \text{ млн е.б.} - 10 \text{ млн е.б.}) : 30 \text{ жыл} + 10 \text{ млн е.б.} : 5 \text{ жыл}$.
- б) Ұшақтың бастапқы құны 50 млн е.б. + 10 млн е.б. НҚ-ларды келешекте жөндеуге резерв = 10 млн е.б. , ұшақтың бір жылдағы амортизациясы = $50 \text{ млн е.б.} : 30 \text{ жыл} + 10 \text{ млн е.б.} : 5 \text{ жыл}$.
- в) Ұшақтың бастапқы құны 50 млн е.б., ұшақтың бір жылдағы амортизациясы = $50 \text{ млн е.б.} : 30 \text{ жыл}$. 10 млн е.б. мөлшеріндегі қозғалтқыштарды айырбастау құны пайда мен залалдар туралы есеп беруде шығын ретінде танылады.
- г) Ұшақтың бастапқы құны 50 млн е.б., ұшақтың бір жылдағы амортизациясы = $50 \text{ млн е.б.} : 30 \text{ жыл}$. 10 млн е.б. мөлшеріндегі қозғалтқыштарды айырбастау құны 5 жылдан кейін негізгі құрал ретінде танылады.

Емтихандық тапсырманың соңы

ТАБЛИЦА С-1 Текущая стоимость 1ДЕ за период

	1%	2%	3%	4%	5%	6%	7%	8%	9%	10%	11%	12%	13%	14%	15%	16%	17%	18%	19%	20%
1	0,99010	0,98039	0,97087	0,96154	0,95238	0,94340	0,93458	0,92593	0,91743	0,90909	0,90090	0,89286	0,88496	0,87719	0,86957	0,86207	0,85470	0,84746	0,84034	0,83333
2	0,98030	0,96117	0,94260	0,92456	0,90703	0,89000	0,87344	0,85734	0,84168	0,82645	0,81162	0,79719	0,78315	0,76947	0,75614	0,74316	0,73051	0,71818	0,70616	0,69444
3	0,97059	0,94232	0,91514	0,88900	0,86384	0,83962	0,81630	0,79383	0,77218	0,75131	0,73119	0,71178	0,69305	0,67497	0,65752	0,64066	0,62437	0,60863	0,59342	0,57870
4	0,96098	0,92385	0,88849	0,85480	0,82270	0,79209	0,76290	0,73503	0,70843	0,68301	0,65873	0,63552	0,61332	0,59208	0,57175	0,55229	0,53365	0,51579	0,49867	0,48225
5	0,95147	0,90573	0,86261	0,82193	0,78353	0,74726	0,71299	0,68058	0,64993	0,62092	0,59345	0,56743	0,54276	0,51937	0,49718	0,47611	0,45611	0,43711	0,41905	0,40188
6	0,94205	0,88797	0,83748	0,79031	0,74622	0,70496	0,66634	0,63017	0,59627	0,56447	0,53464	0,50663	0,48032	0,45559	0,43233	0,41044	0,38984	0,37043	0,35214	0,33490
7	0,93272	0,87056	0,81309	0,75992	0,71068	0,66506	0,62275	0,58349	0,54703	0,51316	0,48166	0,45235	0,42506	0,39964	0,37594	0,35383	0,33320	0,31393	0,29592	0,27908
8	0,92348	0,85349	0,78941	0,73069	0,67684	0,62741	0,58201	0,54027	0,50187	0,46651	0,43393	0,40388	0,37616	0,35056	0,32690	0,30503	0,28478	0,26604	0,24867	0,23257
9	0,91434	0,83676	0,76642	0,70259	0,64461	0,59190	0,54393	0,50025	0,46043	0,42410	0,39092	0,36061	0,33288	0,30751	0,28426	0,26295	0,24340	0,22546	0,20897	0,19381
10	0,90529	0,82035	0,74409	0,67556	0,61391	0,55839	0,50835	0,46319	0,42241	0,38554	0,35218	0,32197	0,29459	0,26974	0,24718	0,22668	0,20804	0,19106	0,17560	0,16151
11	0,89632	0,80426	0,72242	0,64958	0,58468	0,52679	0,47509	0,42888	0,38753	0,35049	0,31728	0,28748	0,26070	0,23662	0,21494	0,19542	0,17781	0,16192	0,14757	0,13459
12	0,88745	0,78849	0,70138	0,62460	0,55684	0,49697	0,44401	0,39711	0,35553	0,31863	0,28584	0,25668	0,23071	0,20756	0,18691	0,16846	0,15197	0,13722	0,12400	0,11216
13	0,87866	0,77303	0,68095	0,60057	0,53032	0,46884	0,41496	0,36770	0,32618	0,28966	0,25751	0,22917	0,20416	0,18207	0,16253	0,14523	0,12989	0,11629	0,10421	0,09346
14	0,86996	0,75788	0,66112	0,57748	0,50507	0,44230	0,38782	0,34046	0,29925	0,26333	0,23199	0,20462	0,18068	0,15971	0,14133	0,12520	0,11102	0,09855	0,08757	0,07789
15	0,86135	0,74301	0,64186	0,55526	0,48102	0,41727	0,36245	0,31524	0,27454	0,23939	0,20900	0,18270	0,15989	0,14010	0,12289	0,10793	0,09489	0,08352	0,07359	0,06491
16	0,85282	0,72845	0,62317	0,53391	0,45811	0,39365	0,33873	0,29189	0,25187	0,21763	0,18829	0,16312	0,14150	0,12289	0,10686	0,09304	0,08110	0,07078	0,06184	0,05409
17	0,84438	0,71416	0,60502	0,51337	0,43630	0,37136	0,31657	0,27027	0,23107	0,19784	0,16963	0,14564	0,12522	0,10780	0,09293	0,08021	0,06932	0,05998	0,05196	0,04507
18	0,83602	0,70016	0,58739	0,49363	0,41552	0,35034	0,29586	0,25025	0,21199	0,17986	0,15282	0,13004	0,11081	0,09456	0,08081	0,06914	0,05925	0,05083	0,04367	0,03756
19	0,82774	0,68643	0,57029	0,47464	0,39573	0,33051	0,27651	0,23171	0,19449	0,16351	0,13768	0,11611	0,09806	0,08295	0,07027	0,05961	0,05064	0,04308	0,03670	0,03130
20	0,81954	0,67297	0,55368	0,45639	0,37689	0,31180	0,25842	0,21455	0,17843	0,14864	0,12403	0,10367	0,08678	0,07276	0,06110	0,05139	0,04328	0,03651	0,03084	0,02608
21	0,81143	0,65978	0,53755	0,43883	0,35894	0,29416	0,24151	0,19866	0,16370	0,13513	0,11174	0,09256	0,07680	0,06383	0,05313	0,04430	0,03699	0,03094	0,02591	0,02174
22	0,80340	0,64684	0,52189	0,42196	0,34185	0,27751	0,22571	0,18394	0,15018	0,12285	0,10067	0,08264	0,06796	0,05599	0,04620	0,03819	0,03162	0,02622	0,02178	0,01811
23	0,79544	0,63416	0,50669	0,40573	0,32557	0,26180	0,21095	0,17032	0,13778	0,11168	0,09069	0,07379	0,06014	0,04911	0,04017	0,03292	0,02702	0,02222	0,01830	0,01509
24	0,78757	0,62172	0,49193	0,39012	0,31007	0,24698	0,19715	0,15770	0,12640	0,10153	0,08170	0,06588	0,05323	0,04308	0,03493	0,02838	0,02310	0,01883	0,01538	0,01258
25	0,77977	0,60953	0,47761	0,37512	0,29530	0,23300	0,18425	0,14602	0,11597	0,09230	0,07361	0,05882	0,04710	0,03779	0,03038	0,02447	0,01974	0,01596	0,01292	0,01048
26	0,77205	0,59758	0,46369	0,36069	0,28124	0,21981	0,17220	0,13520	0,10639	0,08391	0,06631	0,05252	0,04168	0,03315	0,02642	0,02109	0,01687	0,01352	0,01086	0,00874
27	0,76440	0,58586	0,45019	0,34682	0,26785	0,20737	0,16093	0,12519	0,09761	0,07628	0,05974	0,04689	0,03689	0,02908	0,02297	0,01818	0,01442	0,01146	0,00912	0,00728
28	0,75684	0,57437	0,43708	0,33348	0,25509	0,19563	0,15040	0,11591	0,08955	0,06934	0,05382	0,04187	0,03264	0,02551	0,01997	0,01567	0,01233	0,00971	0,00767	0,00607
29	0,74934	0,56311	0,42435	0,32065	0,24295	0,18456	0,14056	0,10733	0,08215	0,06304	0,04849	0,03738	0,02889	0,02237	0,01737	0,01351	0,01053	0,00823	0,00644	0,00506
30	0,74192	0,55207	0,41199	0,30832	0,23138	0,17411	0,13137	0,09938	0,07537	0,05731	0,04368	0,03338	0,02557	0,01963	0,01510	0,01165	0,00900	0,00697	0,00541	0,00421

ТАБЛИЦА С-2. Текущая стоимость аннуитета 1ДЕ за период

	1%	2%	3%	4%	5%	6%	7%	8%	9%	10%	11%	12%	13%	14%	15%	16%	17%	18%	19%	20%
1	0,99010	0,98039	0,97087	0,96154	0,95238	0,94340	0,93458	0,92593	0,91743	0,90909	0,90090	0,89286	0,88496	0,87719	0,86957	0,86207	0,85470	0,84746	0,84034	0,83333
2	1,97040	1,94156	1,91347	1,88609	1,85941	1,83339	1,80802	1,78326	1,75911	1,73554	1,71252	1,69005	1,66810	1,64666	1,62571	1,60523	1,58521	1,56564	1,54650	1,52778
3	2,94099	2,88388	2,82861	2,77509	2,72325	2,67301	2,62432	2,57710	2,53129	2,48685	2,44371	2,40183	2,36115	2,32163	2,28323	2,24589	2,20958	2,17427	2,13992	2,10648
4	3,90197	3,80773	3,71710	3,62990	3,54595	3,46511	3,38721	3,31213	3,23972	3,16987	3,10245	3,03735	2,97447	2,91371	2,85498	2,79818	2,74324	2,69006	2,63859	2,58873
5	4,85343	4,71346	4,57971	4,45182	4,32948	4,21236	4,10020	3,99271	3,88965	3,79079	3,69590	3,60478	3,51723	3,43308	3,35216	3,27429	3,19935	3,12717	3,05763	2,99061
6	5,79548	5,60143	5,41719	5,24214	5,07569	4,91732	4,76654	4,62288	4,48592	4,35526	4,23054	4,11141	3,99755	3,88867	3,78448	3,68474	3,58918	3,49760	3,40978	3,32551
7	6,72819	6,47199	6,23028	6,00205	5,78637	5,58238	5,38929	5,20637	5,03295	4,86842	4,71220	4,56376	4,42261	4,28830	4,16042	4,03857	3,92238	3,81153	3,70570	3,60459
8	7,65168	7,32548	7,01969	6,73274	6,46321	6,20979	5,97130	5,74664	5,53482	5,33493	5,14612	4,96764	4,79877	4,63886	4,48732	4,34359	4,20716	4,07757	3,95437	3,83716
9	8,56602	8,16224	7,78611	7,43533	7,10782	6,80169	6,51523	6,24689	5,99525	5,75902	5,53705	5,32825	5,13166	4,94637	4,77158	4,60654	4,45057	4,30302	4,16333	4,03097
10	9,47130	8,98259	8,53020	8,11090	7,72173	7,36009	7,02358	6,71008	6,41766	6,14457	5,88923	5,65022	5,42624	5,21612	5,01877	4,83323	4,65860	4,49409	4,33893	4,19247
11	10,36763	9,78685	9,25262	8,76048	8,30641	7,88687	7,49867	7,13896	6,80519	6,49506	6,20652	5,93770	5,68694	5,45273	5,23371	5,02864	4,83641	4,65601	4,48650	4,32706
12	11,25508	10,57534	9,95400	9,38507	8,86325	8,38384	7,94269	7,53608	7,16073	6,81369	6,49236	6,19437	5,91765	5,66029	5,42062	5,19711	4,98839	4,79322	4,61050	4,43922
13	12,13374	11,34837	10,63496	9,98565	9,39357	8,85268	8,35765	7,90378	7,48690	7,10336	6,74987	6,42355	6,12181	5,84236	5,58315	5,34233	5,11828	4,90951	4,71471	4,53268
14	13,00370	12,10625	11,29607	10,56312	9,89864	9,29498	8,74547	8,24424	7,78615	7,36669	6,98187	6,62817	6,30249	6,00207	5,72448	5,46753	5,22930	5,00806	4,80228	4,61057
15	13,86505	12,84926	11,93794	11,11839	10,37966	9,71225	9,10791	8,55948	8,06069	7,60608	7,19087	6,81086	6,46238	6,14217	5,84737	5,57546	5,32419	5,09158	4,87586	4,67547
16	14,71787	13,57771	12,56110	11,65230	10,83777	10,10590	9,44665	8,85137	8,31256	7,82371	7,37916	6,97399	6,60388	6,26506	5,95423	5,66850	5,40529	5,16235	4,93770	4,72956
17	15,56225	14,29187	13,16612	12,16567	11,27407	10,47726	9,76322	9,12164	8,54363	8,02155	7,54879	7,11963	6,72909	6,37286	6,04716	5,74870	5,47461	5,22233	4,98966	4,77463
18	16,39827	14,99203	13,75351	12,65930	11,68959	10,82760	10,05909	9,37189	8,75563	8,20141	7,70162	7,24967	6,83991	6,46742	6,12797	5,81785	5,53855	5,27316	5,03333	4,81219
19	17,22601	15,67846	14,32380	13,13394	12,08532	11,15812	10,33560	9,60360	8,95011	8,36492	7,83929	7,36578	6,93797	6,55037	6,19823	5,87746	5,58449	5,31624	5,07003	4,84350
20	18,04555	16,35143	14,87747	13,59033	12,46221	11,46992	10,59401	9,81815	9,12855	8,51356	7,96333	7,46944	7,02475	6,62313	6,25933	5,92884	5,62777	5,35275	5,10086	4,86958
21	18,85698	17,01121	15,41502	14,02916	12,82115	11,76408	10,83553	10,01680	9,29224	8,64869	8,07507	7,56200	7,10155	6,68696	6,31246	5,97314	5,66476	5,38368	5,12677	4,89132
22	19,66038	17,65805	15,93692	14,45112	13,16300	12,04158	11,06124	10,20074	9,44243	8,77154	8,17574	7,64465	7,16951	6,74294	6,35866	6,01133	5,69637	5,40990	5,14855	4,90943
23	20,45582	18,29220	16,44361	14,85684	13,48857	12,30338	11,27219	10,37106	9,58021	8,88322	8,26643	7,71843	7,22966	6,79206	6,39884	6,04425	5,72340	5,43212	5,16685	4,92453
24	21,24339	18,91393	16,93554	15,24696	13,79864	12,55036	11,46933	10,52876	9,70661	8,98474	8,34814	7,78432	7,28288	6,83514	6,43377	6,07263	5,74649	5,45095	5,18223	4,93710
25	22,02316	19,52346	17,41315	15,62208	14,09394	12,78336	11,65358	10,67478	9,82258	9,07704	8,42174	7,84314	7,32998	6,87293	6,46415	6,09709	5,76623	5,46691	5,19515	4,94759
26	22,79520	20,12104	17,87684	15,98277	14,37519	13,00317	11,82578	10,80998	9,92897	9,16095	8,48806	7,89566	7,37167	6,90608	6,49056	6,11818	5,78311	5,48043	5,20601	4,95632
27	23,55961	20,70690	18,32703	16,32959	14,64303	13,21053	11,98671	10,93516	10,02658	9,23722	8,54780	7,94255	7,40856	6,93515	6,51353	6,13636	5,79753	5,49189	5,21513	4,96360
28	24,31644	21,28127	18,76411	16,66306	14,89813	13,40616	12,13711	11,05108	10,11613	9,30657	8,60162	7,98442	7,44120	6,96066	6,53351	6,15204	5,80985	5,50160	5,22280	4,96967
29	25,06579	21,84438	19,18845	16,98371	15,14107	13,59072	12,27767	11,15841	10,19828	9,36961	8,65011	8,02181	7,47009	6,98304	6,55088	6,16555	5,82039	5,50983	5,22924	4,97472
30	25,80771	22,39646	19,60044	17,29203	15,37245	13,76483	12,40904	11,25778	10,27365	9,42691	8,69379	8,05518	7,49565	7,00266	6,56598	6,17720	5,82939	5,51681	5,23466	4,97894

ТАБЛИЦА С-3 Будущая стоимость иде за период

	1%	2%	3%	4%	5%	6%	7%	8%	9%	10%	11%	12%	13%	14%	15%	16%	17%	18%	19%	20%
1	1,01000	1,02000	1,03000	1,04000	1,05000	1,06000	1,07000	1,08000	1,09000	1,10000	1,11000	1,12000	1,13000	1,14000	1,15000	1,16000	1,17000	1,18000	1,19000	1,20000
2	1,02010	1,04040	1,06090	1,08160	1,10250	1,12360	1,14490	1,16640	1,18810	1,21000	1,23210	1,25440	1,27690	1,29960	1,32250	1,34560	1,36890	1,39240	1,41610	1,44000
3	1,03030	1,06121	1,09273	1,12486	1,15763	1,19102	1,22504	1,25971	1,29503	1,33100	1,36763	1,40493	1,44290	1,48154	1,52088	1,56090	1,60161	1,64303	1,68516	1,72800
4	1,04060	1,08243	1,12551	1,16986	1,21551	1,26248	1,31080	1,36049	1,41158	1,46410	1,51807	1,57352	1,63047	1,68896	1,74901	1,81064	1,87389	1,93878	2,00534	2,07360
5	1,05101	1,10408	1,15927	1,21665	1,27628	1,33823	1,40255	1,46933	1,53862	1,61051	1,68506	1,76234	1,84244	1,92541	2,01136	2,10034	2,19245	2,28776	2,38635	2,48832
6	1,06152	1,12616	1,19405	1,26532	1,34010	1,41852	1,50073	1,58687	1,67710	1,77156	1,87041	1,97382	2,08195	2,19497	2,31306	2,43640	2,56516	2,69955	2,83976	2,98598
7	1,07214	1,14869	1,22987	1,31593	1,40710	1,50363	1,60578	1,71382	1,82804	1,94872	2,07616	2,21068	2,35261	2,50227	2,66002	2,82622	3,00124	3,18547	3,37932	3,58318
8	1,08286	1,17166	1,26677	1,36857	1,47746	1,59385	1,71819	1,85093	1,99256	2,14359	2,30454	2,47596	2,65844	2,85259	3,05902	3,27841	3,51145	3,75886	4,02139	4,29982
9	1,09369	1,19509	1,30477	1,42331	1,55133	1,68948	1,83846	1,99900	2,17189	2,35795	2,55804	2,77308	3,00404	3,25195	3,51788	3,80296	4,10840	4,43545	4,78545	5,15978
10	1,10462	1,21899	1,34392	1,48024	1,62889	1,79085	1,96715	2,15892	2,36736	2,59374	2,83942	3,10585	3,39457	3,70722	4,04556	4,41144	4,80683	5,23384	5,69468	6,19174
11	1,11567	1,24337	1,38423	1,53945	1,71034	1,89830	2,10485	2,33164	2,58043	2,85312	3,15176	3,47855	3,83586	4,22623	4,65239	5,11726	5,62399	6,17593	6,77667	7,43008
12	1,12683	1,26824	1,42576	1,60103	1,79586	2,01220	2,25219	2,51817	2,81266	3,13843	3,49845	3,89598	4,33452	4,81790	5,35025	5,93603	6,58007	7,28759	8,06424	8,91610
13	1,13809	1,29361	1,46853	1,66507	1,88565	2,13293	2,40985	2,71962	3,06580	3,45227	3,88328	4,36349	4,89801	5,49241	6,15279	6,88579	7,69868	8,59936	9,59645	10,69932
14	1,14947	1,31948	1,51259	1,73168	1,97993	2,26090	2,57853	2,93719	3,34173	3,79750	4,31044	4,88711	5,53475	6,26135	7,07571	7,98752	9,00745	10,14724	11,41977	12,83918
15	1,16097	1,34587	1,55797	1,80094	2,07893	2,39656	2,75903	3,17217	3,64248	4,17725	4,78459	5,47357	6,25427	7,13794	8,13706	9,26552	10,53872	11,97375	13,58953	15,40702
16	1,17258	1,37279	1,60471	1,87298	2,18287	2,54035	2,95216	3,42594	3,97031	4,59497	5,31089	6,13039	7,06733	8,13725	9,35762	10,74800	12,33030	14,12902	16,17154	18,48843
17	1,18430	1,40024	1,63285	1,94790	2,29202	2,69277	3,15882	3,70002	4,32763	5,05447	5,89509	6,86604	7,98608	9,27646	10,76126	12,46768	14,42646	16,67225	19,24413	22,18611
18	1,19615	1,42825	1,70243	2,02582	2,40662	2,85434	3,37993	3,99602	4,71712	5,55992	6,54355	7,68997	9,02427	10,57517	12,37545	14,46251	16,87895	19,67325	22,90052	26,62333
19	1,20811	1,45881	1,73351	2,10685	2,52695	3,02560	3,61653	4,31570	5,14166	6,11591	7,26334	8,61276	10,19742	12,05569	14,23177	16,77652	19,74838	23,21444	27,25162	31,94800
20	1,22019	1,48595	1,80611	2,19112	2,65330	3,20714	3,86968	4,66096	5,60441	6,72750	8,06231	9,64629	11,52309	13,74349	16,36654	19,46076	23,10560	27,39303	32,42942	38,33760
21	1,23239	1,51567	1,86029	2,27877	2,78596	3,39956	4,14056	5,03383	6,0881	7,40025	8,94917	10,80385	13,02109	15,66758	18,82152	22,57448	27,03355	32,32378	38,59101	46,00512
22	1,24472	1,54598	1,91610	2,36992	2,92526	3,60354	4,43040	5,43654	6,65860	8,14027	9,93357	12,10031	14,71383	17,86104	21,64475	26,18640	31,52925	38,14206	45,92331	55,20614
23	1,25716	1,57690	1,97359	2,46472	3,07152	3,81975	4,74053	5,87146	7,25787	8,95430	11,02627	13,55235	16,62663	20,36158	24,89146	30,37622	37,00623	45,00763	54,64873	66,24737
24	1,26973	1,60844	2,03279	2,56330	3,22510	4,04893	5,07237	6,34118	7,91108	9,84973	12,23916	15,17863	18,78809	23,21221	28,62518	35,23642	43,29729	53,10901	65,03199	79,49685
25	1,28243	1,64061	2,09378	2,66584	3,38635	4,29187	5,42743	6,84848	8,62308	10,83471	13,58546	17,00006	21,23054	26,46192	32,91895	40,87424	50,65783	62,66863	77,38807	95,39622
26	1,29526	1,67342	2,15659	2,77247	3,55567	4,54938	5,80735	7,39635	9,39916	11,91818	15,07986	19,04007	23,99051	30,16658	37,85680	47,41412	59,26966	73,94898	92,09181	114,47546
27	1,30821	1,70689	2,22129	2,88337	3,73346	4,82235	6,21387	7,98806	10,24508	13,10999	16,73865	21,32488	27,10928	34,38991	43,53531	55,00038	69,94550	87,25980	109,58925	137,37055
28	1,32129	1,74102	2,28793	2,99870	3,92013	5,11169	6,64884	8,62711	11,16714	14,42099	18,57990	23,88387	30,63349	39,20449	50,06561	63,80044	81,13423	102,96656	130,41121	164,84466
29	1,33450	1,77584	2,35657	3,11865	4,11614	5,41839	7,11426	9,31727	12,17218	15,86309	20,62369	26,74993	34,61594	44,69312	57,57545	74,00851	94,92705	121,50054	155,18934	197,81359
30	1,34785	1,81136	2,42726	3,24340	4,32194	5,74349	7,61226	10,06266	13,26768	17,44940	22,89230	29,95992	39,11590	50,95016	66,21177	85,84988	111,06465	143,37064	184,67331	237,37631

ТАБЛИЦА С-4 Будущая стоимость аннуитета 1ДЕ за период

	1%	2%	3%	4%	5%	6%	7%	8%	9%	10%	11%	12%	13%	14%	15%	16%	17%	18%	19%	20%	
1	1,00000	1,00000	1,00000	1,00000	1,00000	1,00000	1,00000	1,00000	1,00000	1,00000	1,00000	1,00000	1,00000	1,00000	1,00000	1,00000	1,00000	1,00000	1,00000	1,00000	1,00000
2	2,01000	2,02000	2,03000	2,04000	2,05000	2,06000	2,07000	2,08000	2,09000	2,10000	2,11000	2,12000	2,13000	2,14000	2,15000	2,16000	2,17000	2,18000	2,19000	2,20000	2,20000
3	3,03010	3,06040	3,09090	3,12160	3,15250	3,18360	3,21490	3,24640	3,27810	3,31000	3,34210	3,37440	3,40690	3,43960	3,47250	3,50560	3,53890	3,57240	3,60610	3,64000	3,64000
4	4,06040	4,12161	4,18363	4,24646	4,31013	4,37462	4,43994	4,50611	4,57313	4,64100	4,70973	4,77933	4,84980	4,92114	4,99338	5,06650	5,14051	5,21543	5,29126	5,36800	5,36800
5	5,10101	5,20404	5,30914	5,41632	5,52563	5,63709	5,75074	5,86660	5,98471	6,10510	6,22780	6,35285	6,48027	6,61010	6,74238	6,87714	7,01440	7,15421	7,29660	7,44160	7,44160
6	6,15202	6,30812	6,46841	6,63298	6,80191	6,97532	7,15329	7,33593	7,52333	7,71561	7,91286	8,11519	8,32271	8,53552	8,75374	8,97748	9,20685	9,44197	9,68295	9,92992	9,92992
7	7,21354	7,43428	7,66246	7,89829	8,14201	8,39384	8,65402	8,92280	9,20043	9,48717	9,78227	10,08901	10,40466	10,73049	11,06680	11,41387	11,77201	12,14152	12,52271	12,91590	12,91590
8	8,28567	8,58297	8,89234	9,21423	9,54911	9,89747	10,25980	10,63663	11,02847	11,43589	11,85943	12,29969	12,75726	13,23276	13,72682	14,24009	14,77325	15,32700	15,90203	16,49908	16,49908
9	9,36853	9,75463	10,15911	10,58280	11,02656	11,49132	11,97799	12,48756	13,02104	13,57948	14,16397	14,77566	15,41571	16,08535	16,78584	17,51851	18,28471	19,08585	19,92341	20,79890	20,79890
10	10,46221	10,94972	11,46388	12,00611	12,57789	13,18079	13,81645	14,48656	15,19293	15,93742	16,72201	17,54874	18,41975	19,33730	20,30372	21,32147	22,39311	23,52131	24,70886	25,95868	25,95868
11	11,56683	12,16872	12,80780	13,48635	14,20679	14,97164	15,78360	16,64549	17,56029	18,53117	19,56143	20,65458	21,81432	23,04452	24,34928	25,73290	27,19994	28,75514	30,40355	32,15042	32,15042
12	12,68250	13,41209	14,19203	15,02581	15,91713	16,86994	17,88845	18,97713	20,14072	21,38428	22,71319	24,13313	25,65018	27,27075	29,00167	30,85017	32,82393	34,93107	37,18022	39,58050	39,58050
13	13,80933	14,68033	15,61779	16,62684	17,71288	18,88214	20,14064	21,49530	22,95338	24,52271	26,21164	28,02911	29,98470	32,08865	34,35192	36,78620	39,40399	42,21866	45,24446	48,49660	48,49660
14	14,94742	15,97394	17,06632	18,29191	19,59863	21,01507	22,55049	24,21492	26,01919	27,97498	30,09492	32,39260	34,88271	37,58107	40,50471	43,67199	47,10267	50,81802	54,84091	59,19592	59,19592
15	16,09690	17,29342	18,59891	20,02359	21,57856	23,27597	25,12902	27,15211	29,36092	31,77248	34,40536	37,27971	40,41746	43,84241	47,58041	51,65951	56,11013	60,96527	66,26068	72,03511	72,03511
16	17,25786	18,63929	20,15688	21,82453	23,65749	25,67253	27,88805	30,32428	33,00340	35,94973	39,18995	42,75328	46,67173	50,98035	55,71747	60,92503	66,48885	72,93901	79,85021	87,44213	87,44213
17	18,43044	20,01207	21,76159	23,69751	25,84037	28,21288	30,84022	33,75023	36,97370	40,54470	44,50084	48,88367	53,73906	59,11760	65,07509	71,67303	78,97915	87,06804	96,02175	105,93056	105,93056
18	19,61475	21,41231	23,41444	25,64541	28,13238	30,90565	33,99903	37,45024	41,30134	45,59917	50,39594	55,74971	61,72514	68,39407	75,83636	84,14072	93,40561	103,74028	115,26588	128,11667	128,11667
19	20,81090	22,84056	25,11687	27,67123	30,53900	33,75999	37,37896	41,44626	46,01846	51,15909	56,93949	63,43968	70,74941	78,96923	88,21181	98,60323	110,28456	123,41353	138,16640	154,74000	154,74000
20	22,01900	24,29737	26,87037	29,77808	33,06595	36,78559	40,99549	45,76196	51,16012	57,27500	64,20283	72,05244	80,94683	91,02493	102,44358	115,37975	130,03294	146,62797	165,41802	186,68800	186,68800
21	23,23919	25,78332	28,67649	31,96920	35,71925	39,99273	44,86518	50,42292	56,76453	64,00250	72,26514	81,69874	92,46992	104,76842	118,81012	134,84051	153,13854	174,02100	197,84744	225,02560	225,02560
22	24,47159	27,29898	30,53678	34,24797	38,50521	43,39229	49,00574	55,45676	62,87334	71,40275	81,21431	92,50258	105,49101	120,43600	137,63164	157,41499	180,17209	206,34479	236,43946	271,03072	271,03072
23	25,71630	28,84496	32,45288	36,61789	41,43048	46,99583	53,43614	60,99330	69,53194	79,54302	91,14788	104,60289	120,20484	138,29704	159,27638	183,60138	211,80134	244,48685	282,36176	326,23686	326,23686
24	26,97346	30,42186	34,42647	39,08260	44,50200	50,81558	58,17667	66,76476	76,78981	88,49733	102,17415	118,15524	136,83147	158,65862	184,16784	213,97761	248,80757	289,49448	337,01050	392,48424	392,48424
25	28,24320	32,03030	36,45926	41,64591	47,72710	54,86451	63,24904	73,10594	84,70090	98,34706	114,41331	133,33387	155,61956	181,87083	212,79302	249,21402	292,10486	342,60349	402,04249	471,98108	471,98108
26	29,52563	33,67091	38,55304	44,31174	51,11345	59,15638	68,67647	79,95442	93,32398	109,18177	127,99877	150,33393	176,85010	208,33274	245,71197	290,08827	342,76268	405,27211	479,43056	567,37730	567,37730
27	30,82089	35,34432	40,70963	47,08421	54,66913	63,70577	74,48382	87,35077	102,72313	121,09994	143,07864	169,37401	200,84061	238,49933	283,56877	337,50239	402,03234	479,22109	571,52237	681,85276	681,85276
28	32,12910	37,05121	42,93092	49,96758	58,40258	68,52811	80,69769	95,33883	112,96822	134,20994	159,81729	190,69889	227,94989	272,88923	327,10408	393,50277	471,37783	566,48089	681,11162	819,22331	819,22331
29	33,45039	38,79223	45,21885	52,96629	62,32271	73,63980	87,34653	103,96594	124,13536	148,63093	178,39719	214,58275	258,58338	312,09373	377,16969	456,30322	552,51207	669,44745	811,52283	984,06797	984,06797
30	34,78489	40,56808	47,57542	56,08494	66,43885	79,05819	94,46079	113,28321	136,30754	164,49402	199,02088	241,33268	293,19932	356,78685	434,74515	530,31173	647,43912	790,94799	966,71217	1181,88157	1181,88157

БҰЛ ПАРАҚҚА ЖАЗБАҢЫЗ

БҰЛ ПАРАҚҚА ЖАЗБАҢЫЗ